

Көркемсөз зергері

Оқу адамзаттың жан-жақты да белсенді болуына ықпал етеді және жеке тұлғаның



дамуы мен қалыптасуындағы маңызды функцияны атқарады. Қоғамды дамытудағы басым міндеттердің бірі ретінде оқуды қолдауды қарастыра келе, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы «Бір ел – бір кітап» акциясын жыл сайын жүзеге

тау бюросының директоры, ҚКП Орталық комитетінде нұсқаушы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылары одағының хатшысы, «Жазушы» баспасының директоры қызметтерін атқарған.

Қазақ прозасында орны айқын, көркемдік әлемімен баураған жазушының алғашқы әңгімесі 1954 жылы жарық көрді. Халықтың соғыстан кейінгі тұрмысы мен қазақ ауылының, замандастарының тыныс-тіршілігін шынайы сомдаған «Ауыл оты», «Отау үй», «Көкорай», «Дос іздеп жүрмін», «Өліара», «Басында Үшқараның...» және т.б. әңгімелері ұлттық бояуының қанықтығымен анықталды. Әсіресе «Жусан иісі», «Жабайы алма» сынды әңгіме, повестері - қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейткен шығармалар.

Жазушы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, М. Әуезов атындағы әдеби сыйлықтың және Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Ұлттық әдебиеттерге деген оқырмандардың қызығушылығын арттыру



асыруда. Акцияның мақсаты - қазақ әдебиетін насихаттау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, жастарды отаншылдыққа, өнегелікке тәрбиелеу, сондай-ақ, оқырмандарды әдеби-көркем кітаптарды оқуға, кітапханаға тартуға бағытталған.

Биыл сегізінші рет ұйымдастырылып отырған акция бойынша 2014 жыл кітабы болып Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» мен «Басында Үшқараның...» атты шығармалары таңдалып алынды.

Сайын Мұратбеков 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысының Қапал ауданындағы Қоңыр ауылында туған. Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтының екі жылдық Жоғарғы курсын бітірген. Аудандық, облыстық газеттерде, «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында көркем әдебиетті насихат-

мақсатында тамыздың 26 күні Көбетей ауылының кітапханасында жазушы Сайын Мұратбековке арналған оқырмандар арасында «Көркемсөз зергері» атты портреттік кеш өткізілді. Кітапханашылар Г.А. Қуандықова, М.Қ.Тажмағанбетова кіріспе сөзінде «Бір ел – бір кітап» акциясы жайында оқырмандарға қысқаша түсініктеме берді. Жазушының өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы баяндама жасап, слайд көрсетті. Осы кешке арнайы жасалған «Кемел суреткер» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, айрықша жазушының «Жусан иісі», «Басында Үшқараның...» атты шығармаларына тоқталып өтті. Кеш барысында оқырмандар жазушының «Жусан иісі» шығармасы жайлы өз пікірлерін білдірді.

Г.Қуандықова
Көбетей ауылы